




22-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Ауызша дәстүрдегі адам мәселесі





Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Ауызша дәстүрдегі адам мәселесі  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

**Мақсаты:** Тарихи антропологияның құрамдас бөлігінің бірі болып табылатын ауызша тарихтың қарастырылатын мәселелердің бірі адам мәселесі. Осы дәрісте біз жалпы тарихи антропологиядағы, соның ауызша тарихтағы адам мәселесін қарастырамыз.

## Негізгі идеялары:

### 1.Тарихи заман және адам

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Тарихтың негізгі пәні адамның, елдің рухы болуы керек. Тарихты оқытудың мақсаты тек тарихи оқиғалармен, фактілермен таныстыру ғана емес, сондай-ақ адамның рухын тәрбиелеу болып табылады. Самарқау баяндалған, түрлі ойдан шығарылған қағидаларға толы, оқиғаларға жабысып қалған және іргетастық теория, жүйесі мен құрылымы жоқ тарих таяздыққа тәрбиелейді. Тарих адамзат өмірін саралап, түрлі құбылыстарға тереңірек сұғынып, жалаң эмпиризмнен бас тартуы қажет.

Кез-келген қоғамның басты құрылымдық бөлшегі адамзат факторы. Қоғамдық және этникалық құрылысындағы әркелкілікке қарамастан, әрбір халық өзінше бір үлкен жүйенің бөлшегі болып табылады. Осы сапада ол орасан зор жалпы адамзаттық қатынастар жүйесіне және дүниежүзілік тарихқа енеді. Өзінің жанды құрылымы жоқ халық дүниежүзілік тарихи үрдісте жеке рөлді атқара алмайды. Адамды зерттеп-білу үшін, тарихқа іштен үңілу, этностың өмір сүруінің ішкі заңдарын анықтау қажет. Рухқа, тарихтың басты субъектісі ретінде, тек жүйенің ішкі құрылымына талдау жасау арқылы қол жеткізуге болады. Тарих ғылымының категорияларында «тарихи заман» ұғымы ерекше орын алады. Әр заманның бет-бейнесіне дұрыс анықтама беру әлем тарихындағы бұрын-соңды болған оқиғаларды бағалаудың алғышарты, заманға берілген дұрыс анықтама тарихи уақыт шеңберінде тарихи процестерге керекті кілт табуға мүмкіндік береді. Біріншіден, заманды, кезеңді, дәуірді бөліп көрсету тарихты жазудың ажырамас шарты, екіншіден, кезеңдестірудің қабылданған кестесі, ол тіпті тым шартты болса да, тарихи ойлаудың ерекші түрін қалыптастырады. Вильям Грин атап көрсеткендей «уақытты айырып көрсетудің барлық түрі классификаторлардың құндылықтарының айнасы екенінен қашып құтыла алмайсыз».

Бұрында Қазақстан тарихшылары үшін тарих мазмұнын, соның ішінде тарихи заманды талдаудың методологиялық нүктесі болып әлеуметтік-экономикалық формациялардың марксистік-лениндік теориясы қызмет етті. Бірақ тарихты ғылыми кезеңдестіру қоғамдық-экономикалық формациялардың алмасу заңдылықтарымен қанағат етпейді. Бұл жерде тарихшыларға тарихи заман ұғымы көмекке келеді. Жалпы тарихи заманның анықтамасы мынау сияқты «әр тарихи заман адамзат дамуының жетекші тенденциясы арқылы сипатталады (харак-ся) және жалпы замандардың ауысуымен сәйкес келеді, ал бір қоғамдық-экономикалық формациядан екіншісіне өтуін жалаулата көрсете көрсететін ірі тарихи оқиғалар мен құбылыстар хронологиялық кезең ретінде алға шығады». Советтік тарих ғылымында тарихи заман анықтамасының негізіне «кез келген заманның ортасында қандай класс болса заман да сол», немесе маркстік потсулаттардан шығатын «тарихтың негізгі пәні ретінде халық қызмет жасайды» деген аксиомалар мен қанатты сөз тіркестерінен құралған объективті таптық жол (подход) салынған.

Бұл сұрақтар батыс тарих ғылымында тіпті басқаша, түбегейлі шешілді. Маркстан бір ерекшелігі Әлемдік тарихтың бүгінгі күні жалпы жұрт қабылдаған кезеңдестіруін жасаған тарихшылар динамикалық модельдерді пайдаланған жоқ. Олардың кезеңдестіруге көзқарасы алдымен эпизодтарды реттеуге бағытталды және оларды жүйелеуге асыққан жоқ. Қатаң анықтамалар беруден қашқақтап, олар нақты эпизодтар мен оқиғалармен көбірек айналысты. Батыс тарих ғылымындағы осынау ерекшелікті көрнекті тарихшы М.Блоктың «нағыз тарихшы ертегідегі адам жегішке ұқсайды. Адам иісі қай жақтан шықса, ол сол жерде өзін олжа тосып тұрғанын біледі» деген қанатты сөзі айнадай көрсетеді. Тарих адам туралы ғылым болған соң, оның өзін таныту әдістері де ерекше болуы заңды. Адам арасындағы қарым-қатынастар және тарих шын мәнінде тым жұқа және нәзік дүниелер, оларды статистикалық есептерге, математикалық өлшемдерге, жекелеген, кездейсоқ және үстірт фактілерге сеніп тапсыруға болмайды. Заманның және сол дәуірдің жекелеген өкілдерінің рухын көрсету үшін аса сезімтал, эмоциялы, тек жазба құжаттармен ғана емес, сонымен бірге адам материалымен терең жұмыс істейтін шебер керек.

Батыстық тарихнамада «тарихи заман» кезеңдестірудің құрылымдық элементінің нақты категориясы ретінде жоқ. К.Ясперс «тарих пен тарихқа дейінгі кезеңдестіру құрылымына» қатысты өз көзқарасын білдіре келе бұл күрделі ұғымды қолданбайды десек те болады. Оның пікірлерінен екі үзінді келтірейік «тарихи



Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Ауызша дәстүрдегі адам мәселесі  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

процесс-жағдайдың, білімнің, мазмұнның тікелей көріністерінің үздіксіз өзгерістері, бірақ ол өзгерістер жәй емес, бәрінің барлық көзқарасқа, дәстүр жалғастығына, жалпы коммуникацияға қатыстылығы мүмкін және қажет». Біздің тақырыбымыздың контекстінде оның заман және тұлғаға қатыстылығы бар келесі бір пікіріне назар аударуға болар еді: «тарих –бұл тұрақты және табанды қимыл, жекелеген адамдардың алға жасаған қадамдары. Олар өзгелерді өздерінің соңынан еруге шақырады. Оларды естігендер және түсінгендер бұл қозғалысқа қосылады. Алайда сонымен бірге тарих текке айтылған, ешкім соңынан ермейтін, ешкім құлақ қоймайтын ұрандардың көп туындайтын тарихи оқиғалардың жәй ғана жиынтығы болып қала береді».

## 2. Адамзаттың рухани бастаулары

К.Ясперс тарихты түсінуге мүмкіндік беретін адамзаттың рухани мәдениетінің шарықтауы іске асқан белдік уақыттың бастауын жеке тұлғалардың қайртакерлігімен байланыстырады (белдік (ось) термині жалпы тарихта ғылыми айналса қосқан Гегель) : «Бұл уақытта таңғажайып өзгерістер көп болды. Қытайда Конфуций и Лао-цзы ол кезде өмір сүрді, Қытай философиясының барлық бағыттары пайда болды, Мо-цзи, Чжуан-цзи, Ле-цзи және сансыз т.б. ой түбіне бойлады. Үндістанда Упанишадтар пайда болды, Будда өмір сүрді, ... Иранда Заратустра жақсылық пен жамандықтың күресі жайлаған әлем туралы оқуын үйретті, Палестинада– Илья, Исая, Иеремия...пайғамбарлар шықты, Греции –бұл Гомердің, Парменид, Гераклит, Платон, Фукидид және Архимед сияқты философтардың уақыты ...». Тарих ғылымы К.Ясперстің жер бетінің әр түрлі аудандарында бір уақытта тарихқа шабуылдап ену себептерін іздеген сұрақтарына әлі жауап берген жоқ. Қалайша ежелгі дүниенің ұлы мәдениеттерінің аумақтарында бір мезгілде сананың бұзып-жарып алға шығуы және нұрлану тенденциялары пайда болды. Бүгінгі күні көптеген гипотезалардың ішінен бізге бұл белдік уақыттың ғажайыптарын Орталық Азия көшпелілерінің жаулап алуымен байланыстыратын А.Вебердің концепциясы ғана байыпты салмақты қажет етеді. Әуел баста бұл шумер этномәдени шеңберіне енетін халықтар болатын, кейіннен бұған үнді арий, одан әрі үндірандықтар қосылды. Біздің эрамыздың басында бұл дәстүрді ғұндар, түркілер, және ең соңында Шыңғыс хан дәуірінің моңғолдары жалғастырды.

Советтік, және өкінішке орай А. Тойнби, К. Ясперс, Ф. Бродель, О. Шпенглер және т.б. терең ойлы мәдениеттанушылары бар батыстық тарихнамалар бізге шын мәнінде ұнайтын осы гипотезаны не жоққа шығаруға, не дәлелдеп түсіндіруге шамасы жетпеді. Тарих үшін көшпелі халықтардың пайда болуы қаншалықты шешуші қызмет атқарды, көшпелілердің ұлы қозғалыстарының себептері не, қандай идеялар көшпелілерді шетсіз шексіз жаулап алулар мен басып кірулерге итермелейді. Бұл сұрақтарға әлі де жауап жоқ. Сонымен бірге ешкім де көптеген мыңжылдықтар бойы еуразиялық құрлықтың барлық тарихының ортақ қасиеттерін көшпелілердің осы қозғалыстары қалыптастырғаны сияқты еуразиялық тарихтың көзге көрініп тұрған дерегін жоққа шығара алмайды. Біздің қолданыстағы тарихи әдебиетте Еуразиялық тарих қашанда Батыс-Шығыс қарама-қайшылығы мен бірлігі арқылы түсіндірілді. Батыс деп ең әуелі англо-саксон этностары, одан кейін қалған роман-герман әлемі тығыз қоныстанған жер айтылады. Шығыс, ең алдымен Қытай мен Үндістан сияқты ежелгі өркениеттер, және, екінші қатарда Мысырды қоса алғанда Алдыңғы Азия аумағы. Еуразиялық ұлы дала, оның Қазақстан сияқты орталық алқабы бұл күрделі қарым-қатынастар контекстінен түсіп қалған және арнайы тарихи-мәдени зерттеулердің пәні болған жоқ. Тарихшылар мен мәдениеттанушылардың көпшілігі Батыс және Шығыс сияқты екі әлемдік Жалпы тарихты қарастыра отырып Еуразиялық далалық аймақты айналып өтуге машықтанып алған. Ұлы даланың сыртқы прифериясындағы кез келген өзгерістерге жылдам кірігетін Үлкен құрылықтың кіндік орталығындағы этносаяси үрдістер ешкімге белгісіз болып қалды.

### Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

### Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Алматы, Лекции по философии истории.



Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Ауызша дәстүрдегі адам мәселесі  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

---

- Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
  3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
  4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
  5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
  6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
  7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
  8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитонова. - М., 1997.
  9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
  10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodology. Chicaqo, 1965.